

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың  
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 726 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 16/2003-э келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда "Узавтодор" мемлекеттік акционерлік компаниясы бұрғыжарылыс жұмысының арнайы басқармасы үшін (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жарылғыш материалдар транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

N

7 2 6

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**2003 жылғы 17 қаңтардағы N 16/2003-Э келісім-шарт  
бойынша "Узавтодор" мемлекеттік акционерлік  
компаниясы бұрғыжарылыс жұмысының арнайы басқармасы  
үшін (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы)  
"Искра" Новосибирск механикалық зауыты" (Новосибирск  
қаласы, Ресей Федерациясы) федералдық мемлекеттік**

**біртұтас кәсіпорны беретін тауарлардың  
номенклатурасы мен саны**

Р/с N	Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	Өлшем бір. лігінің бағасы	Құны АҚШ долларымен
1	ДШН-8 т ұ т а н д ы р ғ ы ш	360300100	мың	800, 0	140,0	112000,0 м е т р
				б а у , И В Ш П		
	773979.013ТУ					
2	ЭД-3Н ДИШВ 773.951.300ТУ	360300900	мың	49,896	500,0	24948,0 д а н а
						э л е к т р т ұ т а н .
	дырғыштар					
3	Ж и ы н ы					136948,0

Жөнелту пункті: Пашино стансасы (Ресей Федерациясы).  
Белгіленген пункті: Бұхара-1 стансасы (Өзбекстан Республикасы). Шекаралық өту  
пункттері: Локоть стансасы (Ресей Федерациясы) - Шеңгелді стансасы (Қазақстан  
Республикасы).